

**"Бурабай" мемлекеттік ұлттық табиғи паркі" мемлекеттік мекемесі көрсететін қызметтер үшін тарифтердің мөлшерін бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқарушысының 2024 жылғы 14 қарашадағы № 04/276 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2024 жылғы 14 қарашада № 35371 болып тіркелді.

"Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 9-1 - бабының 9) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес "Бурабай" мемлекеттік ұлттық табиғи паркі" мемлекеттік мекемесі көрсететін қызметтер үшін тарифтердің мөлшері бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасының ведомстволық қарасты ұйымдарды басқару жөніндегі бөлімі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасының интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқарушысының орынбасары Р.А. Баялиевке жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы  
Президенті Іс басқарушысы

А. Нурпеисов

2024 жылғы 14 қарашадағы  
№ 04/276 Бұйрыққа қосымша

**"Бурабай" мемлекеттік ұлттық табиғи паркі" мемлекеттік мекемесі көрсететін ұсынатын қызметтер үшін тарифтердің мөлшері**

Ескерту. Тарифтердің мөлшеріне өзгеріс енгізілді - ҚР Президенті Іс басқарушысының 05.01.2025 № 04/1 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

| № | Көрсетілетін қызметтердің атауы                                                                | Өлшем бірлігі | Ұзақтығы | Қызметтер үшін тарифтер |
|---|------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------|----------|-------------------------|
| 1 | Ұйымдастырылған экскурсиялар мен туристік жорықтарды өткізу кезінде туристік соқпақтарды ұсыну | 1 адам        | 1 бару   | 0,26 АЕК                |
|   |                                                                                                |               |          |                         |

|   |                                                                                                                                                             |        |          |                               |
|---|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------|----------|-------------------------------|
| 2 | Қарау алаңдарын, бивач алаңдарын, шатырлы лагерьлерді, кемпингтерді, жағажайларды орналастыру үшін (қысқа мерзімді пайдалану шарттары бойынша) орындар беру | 1 га   | 1 ай     | 27,38 АЕК                     |
| 3 | Ерекше қорғалатын табиғи аумақта құбырлар жүргізу, жолдар салу және орналастыру бойынша қызметтер көрсету                                                   | 1 га   | 1 ай     | 11,25 АЕК                     |
| 4 | Қоғамдық тамақтану, сауда және басқа да мәдени - тұрмыстық мақсаттағы объектілерді орналастыру үшін орындар беру                                            | 1 м2   | 1 тәулік | 0,04 АЕК                      |
| 5 | Ерекше қорғалатын табиғи аумақта электр қуатын беру және байланыс желілерін салу мен орналастыру бойынша қызметтер көрсету                                  | 1 м2   | 1 тәулік | 0,02 АЕК                      |
| 6 | Ерекше қорғалатын табиғи аумақтың басқаруындағы қонақүйлерден орын беру                                                                                     | 1 м2   | 1 ай     | 0,4 АЕК                       |
| 7 | Әуесқойлық (спорттық) балық аулауды ұйымдастыру (5 ілмекті 1 қармақпен)*                                                                                    | 1 адам | 1 тәулік | 0,16 АЕК<br>(5 кг артық емес) |
| 8 | Туристерге ерекше қорғалатын табиғи аумақтың басқаруындағы шатырлы                                                                                          | 1 адам |          | 0,4 АЕК                       |

|    |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                  |          |                                            |                                               |
|----|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------|--------------------------------------------|-----------------------------------------------|
|    | лагерьлерді орналастыру үшін орындар ұсыну*                                                                                                                                                                                                                                                                      |          | 1 тәулік                                   |                                               |
| 9  | Көлік үшін, оның ішінде электр желілеріне қолжетімділігі бар орындарда электр зарядтау станцияларымен тұрақтар беру*                                                                                                                                                                                             | 1 орын   | 1 сағат                                    | 0,04 АЕК                                      |
| 10 | Ұйымдастырылған түсірілімдерді өткізу кезінде табиғи-қорық қоры, табиғи және тарихи-мәдени мұра объектілеріне, табиғат мұражайлары мен тірі табиғат бұрыштарына барған және зерделеген кезде кино, бейне және фототүсірілім жүргізу бойынша қызметтер көрсету:<br>1. Фототүсірілім<br>2. Бейнетүсірілім          | 1 қызмет | 1 сағат<br>1 тәулік<br>1 сағат<br>1 тәулік | 1,21 АЕК<br>6,77 АЕК<br>1,89 АЕК<br>14,89 АЕК |
|    | Табиғат қорғау мекемесінің аумағына автомобиль көлік құралының кіруі үшін ақы алу (сараланған тариф) *<br>*:<br>1 мамырдан 30 қыркүйекке дейінгі демалыс және мереке күндерін қоспағанда, жыл бойы:<br>- жеңіл автомобильдер.....<br>.....<br>.....<br>- 16 орынға дейінгі автобустар және жүк автомобильдері .. |          |                                            | 0,3 АЕК<br>1,0 АЕК                            |

|    |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      |          |                        |                                                                                                                                |
|----|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------|------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 11 | <p>- 32 орынға дейінгі автобустар.....</p> <p>.....</p> <p>- 32 орыннан асатын автобустар.....</p> <p>.....</p> <p>демалыс және мереке күндері 1 мамыр мен 30 қыркүйек аралығында:</p> <p>- жеңіл автомобильдер.....</p> <p>.....</p> <p>- 16 орынға дейінгі автобустар және жүк автомобильдері ..</p> <p>- 32 орынға дейінгі автобустар.....</p> <p>.....</p> <p>- 32 орыннан асатын автобустар.....</p> <p>.....</p>               | 1 бірлік | әрбір болған күні үшін | <p>2,0 АЕК</p> <p>3,0 АЕК</p> <p>0,4 АЕК</p> <p>1,5 АЕК</p> <p>2,5 АЕК</p> <p>3,5 АЕК</p>                                      |
| 12 | <p>Көлік қызметтерін бір сағатқа ұсыну:</p> <p>10 тоннаға дейінгі жүк а/м .....</p> <p>.....</p> <p>Ағаш отырғызуға арналған жүк а/м ....</p> <p>.....</p> <p>Жүк көтергіш құрылығысы бар а/м .....</p> <p>.....</p> <p>Су тасығыш жүк а/м .....</p> <p>.....</p> <p>Жолаушылар автобусы .....</p> <p>.....</p> <p>Жолаушылар шағын автобусы .....</p> <p>.....</p> <p>700 кг дейінгі бортты а/м .....</p> <p>.....</p> <p>.....</p> | 1 бірлік | сағат                  | <p>2,94 АЕК</p> <p>6,35 АЕК</p> <p>5,66 АЕК</p> <p>2,27 АЕК</p> <p>1,38 АЕК</p> <p>1,56 АЕК</p> <p>1,5 АЕК</p> <p>1,47 АЕК</p> |

|    |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                       |      |      |                                                                           |
|----|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------|------|---------------------------------------------------------------------------|
|    | Қоқыстасығыш.....<br>.....<br>.....                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   |      |      |                                                                           |
|    | Тракторлар:<br>Жүк тиегіш.....<br>.....<br>.....<br>Тартқыш.....<br>.....<br>.....<br>Сүргіш.....<br>.....<br>.....<br>Экскаватор.....<br>.....<br>.....<br>..<br>Автогрейдер.....<br>.....<br>.....<br>..                                                                                                                                                                                                                                                                                            |      |      | 2,84 АЕК<br>5,07 АЕК<br>3,06 АЕК<br>5,22 АЕК<br>6,01 АЕК                  |
| 13 | Қонақ үйлерді,<br>туристік базаларды<br>және басқа да<br>мәдени-тұрмыстық<br>мақсаттағы<br>объектілерді<br>орналастыру үшін<br>орындарды (жер<br>учаскелерін) беру (<br>ұзақ мерзімді<br>пайдалану туралы<br>шарттар бойынша)<br>***<br>0,2 гектарға дейін<br>0,21 гектардан<br>бастап 0,5 гектарға<br>дейін<br>0,51 гектардан<br>бастап 1 гектарға<br>дейін<br>1,1 гектардан бастап<br>5 гектарға дейін<br>5,1 гектардан бастап<br>10 гектарға дейін<br>10,1 га гектардан<br>бастап және одан<br>көп | 1 га | 1 ай | 6,84 АЕК<br>28,75 АЕК<br>30,12 АЕК<br>31,49 АЕК<br>32,86 АЕК<br>34,22 АЕК |

Ескертпе:

\* 7, 8, 9-тармақтарда көрсетілген қызметтер үшін: зейнеткерлерге, мүгедектігі бар адамдарға, Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне, басқа мемлекеттер аумағындағы

әскери қимылдарының ардагерлеріне, жеңілдіктері бойынша Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне, теңестірілген ардагерлерге, еңбек ардагерлеріне, 18 жасқа дейінгі балаларға (9-тармақтан басқа), "Алтын алқа" және "Күміс алқа" алқаларымен наградталған немесе бұрын "Батыр ана" атағын алған, I және II дәрежелі "Ана даңқы" ордендерімен наградталған көп балалы аналарға және олардың отбасы мүшелеріне 50% жеңілдік көзделеді;

**\*\* 11-тармақта көрсетілген қызметтер үшін табиғат қорғау мекемесінің аумағына кіргені үшін төлемақыдан босатылады:**

- ұлттық парк пен оның күзет аймағының шекараларында тұратын тұрғындардың автокөлік құралдары (осы аумақта тіркелген);

- зейнеткерлер, мүгедектер, Ұлы Отан соғысының ардагерлері, басқа мемлекеттердің аумағындағы соғыс қимылдарының ардагерлері, Ұлы Отан соғысы ардагерлеріне жеңілдіктер бойынша теңестірілген ардагерлер, еңбек ардагерлердің автокөлік құралдары;

- қызметтік міндеттерін орындау кезіндегі арнайы автокөлік құралдары: жедел медициналық жәрдем қызметтері, авариялық-құтқару қызметтері, құқық қорғау органдары, көліктік бақылау органдары, арнаулы мемлекеттік органдар, Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері, басқа да әскерлер мен әскери құрылымдар, жалпы пайдаланымдағы халықаралық және республикалық маңызы бар ақылы автомобиль жолдарын (учаскелерді) ұстауды және күтіп ұстауды тікелей жүзеге асыратын ұлттық оператор, жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы уәкілетті орган, мамандандырылған табиғат қорғау прокуратурасы;

- елді мекендерді: кенттерді, аудан немесе аудан орталықтарымен ауылдарды байланыстыратын қала маңындағы қызметтер мен коммуникацияларда жолаушыларды және багажды, астананың немесе республикалық маңызы бар қалалардың, оның ішінде бір аудан шегінде орын ауыстыру үшін тұрақты тасымалдауды жүзеге асыратын автобустар;

- жүк автокөлік құралдары, өздігінен жүретін дөңгелекті ауыл шаруашылығы, мелиорациялық мәшинелер, сондай-ақ электромобильдер;

**\*\*\*13-тармақта көрсетілген қызметтер үшін орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдардың, сондай-ақ олардың аумақтық бөлімшелерінің қарамағындағы ұйымдар төлемақыдан босатылады.**